ПРАКТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПРАВИЛЬНОЙ ПОДВЕДОМСТВЕННОСТИ ИСКА СОСТОИТ В ТОМ, ЧТО ПРИ ПОСТУПЛЕНИИ ИСКА ОДНО ИЗ ПЕРВЫХ, ЧТО ПОДЛЕЖИТ ПРОВЕРКЕ – ЭТО СОБЛЮДЕНИЕ ПОДВЕДОМСТВЕННОСТИ И ПОДСУДНОСТИ ИСКА КОНКРЕТНОМУ СУДУ, ТАК КАК В СЛУЧАЕ НАРУШЕНИЯ ПОДВЕДОМСТВЕННОСТИ ИСКА, В ПРИНЯТИИ ИСКА К ПРОИЗВОДСТВУ СУДА БУДЕТ ОТКАЗАНО СОГЛАСНО ТРЕБОВАНИЯМ ГРАЖДАНСКОГО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСА, В РАМКАХ ЖЕ АДМИНИСТРАТИВНОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА ИСК БУДЕТ ВОЗВРАЩЕН.

Ситуация в случае вынесения судом решения по неподведомственному ему иску в дальнейшем усугубляется значи-



тельной потерей времени, и в последующем отменой решения суда на стадии апелляционного или кассационного производства с прекращением производства по делу.

Необходимо также отметить, что нередки случаи тонкой грани заявленного требования, находящегося на стыке отраслей гражданского и административного права, требования иска рассматриваемого в порядке гражданского судопроизводства, но сопряженного с оценкой законности и обоснованности действий или акта административного органа, должностного лица, либо субъектного состава сторон дела, где предметом иска фактически оспаривается действие (бездействие) или акт организации, хоть и не являющейся административным органом по своей правовой природе, но в силу своего положения, предмета и целей деятельности обладающим достаточно выраженными признаками административного органа, что приводит к возникновению «споров» между судами административной и гражданской юрисдикции о подведомственности иска.

В этой связи, в целях реализации конституционного принципа доступа к правосудию необходим механизм разрешения «споров» о подведомственности иска специализированным административным судам и судам, рассматривающим дела в порядке гражданского судопроизводства, подобно правилам, установленным частью 6 статьи 34 Гражданского процессуального кодекса о порядке разрешения споров между судами о подсудности гражданского дела.



БИЗНЕС СУБЪЕКТИЛЕРІН ЖОСПАРДАН ТЫС ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШАҒЫМДАНУ НЕГІЗДЕРІ



**КҮЛПАШ
ШОЛПАНҚҰЛОВА**
Астана қаласы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

«Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №229 Жарлығының 1) тармағына сәйкес, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексеруді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуі тоқтатылған.

Аталған Жарлықтың 1) тармағының 1) тармақшасына сәйкес, халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, заңдылық пен қоғамдық тәртіпке ықтимал түрде жаппай қатер, конституциялық құрылысқа және ұлттық қауіпсіздікке тура немесе тікелей қатер төндіретін бұзушылықтарды болдырмауға немесе жоюға бағытталған тексерулерге мораторий енгізу туралы талаптар кірмейді.

Мемлекет тарапынан кәсіпкерлердің құқығын қорғау мен оларға қолдау көрсету және әртүрлі әкімшілік кедергілерді төмендету үшін көптеген шаралар жасалуда. Осыған орай, мемлекеттік органдарға кәсіпкерлік нысандарының қызметіне тексеру жүргізудің тәртібі мен негізін түсіндіру қажет. Тексеру – мемлекеттік бақылау нысандарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекс) елімізде кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындап, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылына, оның ішінде кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуге және қолдауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

КӘСІПКЕРЛІК КОДЕКСТІҢ 134-БАБЫНЫҢ ТАЛАБЫНА СӘЙКЕС, МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ БОЛЫП БӨЛІНЕДІ. ІШКІ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНДЕ АЙҚЫНДАЛҒАН. АЛ, СЫРТҚЫ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ ОСЫ КОДЕКСТІҢ 13-ТАРАУЫНЫҢ 137-БАБЫНДА ЖӘНЕ 2-ПАРАГРАФЫНДА АШЫҚ ЖАЗЫЛҒАН.

СЫРТҚЫ БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛҒАН ЖАҒДАЙДА, МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАНДАР ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІ ШЕГІНДЕ ӘКІМШІЛІК, ТӘРТІПТІК ІС ЖҮРГІЗУДІ ҚОЗҒАЙДЫ НЕ ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІ ШЕГІНДЕ ТИІСТІ ТАЛАП ҚОЮ АРЫЗДАРЫНА БАСТАМАШЫЛЫҚ ЖАСАЙДЫ ЖӘНЕ ЕЛ ЗАҢДАРЫНДА КӨЗДЕЛГЕН ӨЗГЕ ДЕ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНАДЫ.

Кәсіпкерлік кодекстің 137-бабының 3-тармағында тексерулер «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңына сәйкес, берілген рұқсат бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін және жоспардан тыс тексеру болып екіге бөлінеді:

■ тәуекел деңгейін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша өткізілетін тексерулер (адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты).

■ жоспардан тыс тексеру (адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатымен нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты тексеру тағайындау үшін негіз болған нақты айғақтар және жағдайлар бойынша).

Мемлекеттік органдар бизнестің заң талаптарына сәйкестігін бағалау үшін төмендегідей тексерулер жүргізеді:

■ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті – салық заңдарын сақтау, оның ішінде есептер, төлемдер және ұстап қалу;

■ Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет – гигиена және қауіпсіздік нормаларын сақтау;

■ Өртке қарсы қызмет – өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау;

■ Қазақстан Республикасы еңбек инспекциясы – еңбек заңнамасын, оның ішінде еңбек шарттарын, еңбек жағдайларын және жұмысшылардың құқықтарын сақтау;

■ Кеден органы – кеден ережелерін сақтау, тиісті құжаттама және тауарларды нақты бағалау;

■ Басқа мемлекеттік ведомстволар – жұмыс профиліне байланысты.

Бақылау және қадағалау органы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнген тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексеру тағайындау үшін негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып табылады.

Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабына сәйкес, бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін) жоспардан тыс тексеруге мыналар негіз болып табылады:

1) талаптарға сәйкестігін тексеру және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижесінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған, анықталған өрескел бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

2) егер бақылау мен қадағалау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты бір реттен көп ұсынбаса және (немесе) бұзушылықтарды жоймаса, талаптарға сәйкестігін тексеру және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижесінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған, анықталған елеулі және болмашы бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

3) сенімді негіздер және растайтын дәлелдемелер болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары;

4) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша не зиян келтіру қатері туралы прокуратура органдарының тапсырмалары;

5) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің,

сондай-ақ жойылмауы адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келетін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдардың жолданымдары;

6) бақылау мен қадағалау субъектісінің бастапқы тексерумен келіспейтіні туралы жүгінуіне байланысты қайта тексеру (жедел ден қою шараларын қолданудың құқыққа сыйымсыздығы);

7) қылмыстық қудалау органының Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне көзделген негіздер бойынша тапсырмасы;

8) салық төлеушінің жолданымдары, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) айқындалған мәліметтер мен мәселелер.

ЖОСПАРДАН ТЫС ТЕКСЕРУЛЕР АНОНИМДІК ЖОЛДАНЫМДАР БОЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДА ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ. НАҚТЫ БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ СУБЪЕКТІЛЕРІНЕ (ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ) ҚАТЫСТЫ АНЫҚТАЛҒАН ЖӘНЕ ОСЫ ЖОСПАРДАН ТЫС ТЕКСЕРУДІ ТАҒАЙЫНДАУҒА НЕГІЗ БОЛҒАН ФАКТІЛЕР МЕН МӨН-ЖАЙЛАР ЖОСПАРДАН ТЫС ТЕКСЕРУГЕ ЖАТАДЫ.

Эпидемияның, карантиндік объектілер және аса қауіпті зиянды организмдер ошақтарының, инфекциялық, паразиттік аурулардың, уланулардың, радиациялық авариялардың таралу қатері төнген жағдайда, бақылау мен қадағалау субъектісін алдын ала хабардар етпестен және тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеместен, оны кейіннен құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға келесі жұмыс күні ішінде ұсына отырып, объектілерге жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Бақылау және қадағалау органдары, сондай-ақ құқықтық статистика және арнаулы есепке алу жөніндегі уәкілетті орган орналасқан жерден едәуір шалғайдағы объектілерде немесе бақылау мен қадағалау субъектілерінде жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіздер анықталған жағдайда, бақылау мен қадағалау субъектісін алдын ала хабардар етпестен және тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеместен, оны кейіннен құқықтық статистика және арнаулы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға келесі бес жұмыс күні ішінде ұсына отырып, жоспардан тыс тексеру жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексеруді тағайындау туралы акт тіркелген жерден оны жүргізетін жерге дейін бір жүз шақырымнан асатын арақашықтық бақылаушы және тіркеуші органдар орналасқан жерден едәуір шалғайда орналасу деп есептеледі.

Жалған пестицидтерді өндіру (формуляциялау), тасымалдау, сақтау, өткізу және қолдану, сондай-ақ, жалған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіру, сатып алу, тасымалдау, сақтау, өткізу, патогендігі I–II топтағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу мәселелері бойынша жоспардан тыс тексерулер бақылау мен қадағалау субъектісін алдын ала хабардар етпестен жүргізіледі.

Осы баптың 5-тармағында санамаланған жоспардан тыс тексеруді жүргізу үшін негіздер мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелеріне, қызметін әділет органдарында немесе тіркеуші органда тіркемей жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелеріне, бейрезидент-заңды тұлғаларға да қатысты қолданылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың қолданысын белгілі бір мерзімге тоқтата тұру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексте (Салық кодексі) көзделген тексерулерді қоспағанда, осы құжатта белгіленбеген өзге де тексеру түрлерін жүргізуге тыйым салынады. Бақылау және қадағалау органы бақылау мен қадағалау субъектісін (заңды тұлғаның басшысын не оның уәкілетті адамын, жеке тұлғаны) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің басталғаны туралы ескертуді тексеру басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын, басталу күнін көрсете отырып, жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

Жоспардан тыс тексеру кезінде бақылау және қадағалау органы тексеру басталғанға дейін кемінде 1 тәулік бұрын, тексеру жүргізудің нысанасын көрсете отырып, жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталғаны туралы хабар беруге міндетті.

Жалпы, бақылау және қадағалау органы бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды немесе тексеруді тағайындау туралы акті негізінде тексеру жүргізеді. Салық кодексіне сәйкес, мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асыратын қарсы тексерулерді қоспағанда, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және тексеру тағайындау туралы акт, олардың мерзімдерін

ұзарту туралы қосымша акт құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға міндетті түрде тіркеледі.

Кәсіпкерлік кодекстің 145-бабына сай, тексеру мемлекеттік органның тексеруді тағайындау туралы актісі негізінде жүзеге асырылады. Тексеруді тағайындау туралы актіде оның нөмірі мен күні, мемлекеттік органның атауы, тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілмесе) және лауазымы, тексеру үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәліметтер, тексерілетін субъектінің атауы немесе өзіне қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, аумағының учаскесі көрсетіледі.

Заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін тексерген жағдайда тексеру туралы актіде оның атауы, тұрған жері көрсетіледі, сондай-ақ, тағайындалған тексерудің мақсаты, тексеру жүргізу мерзімі, тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, кезеңі, актіге қол қоюға уәкілеттілік берілген адамның қолы және мемлекеттік органның мөрі де берілуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендей және Кәсіпкерлік кодекстің 146-бабының 1-тармағына сай, тексеруді тағайындау туралы даулы актілер тиісті түрде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарда тіркелуге тиіс.

Кәсіпкерлік кодекстің 152-бабы 1-тармағына сай, бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы тексеру нәтижелері бойынша:

1) тексеру нәтижелері туралы акт;
2) бұзушылықтар анықталған жағдайда анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасайды.

Тексеру нәтижелері туралы актіде:

1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;
2) бақылау және қадағалау органының атауы;
3) негізге алынып тексеру жүргізілген, тексеруді тағайындау туралы актінің жасалған күні мен нөмірі;

4) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) тексерілетін субъектінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тексеруді жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы;

6) тексерудің жүргізілген күні, орны және кезеңі;

7) тексерудің нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер;

8) тексеру парағының атауы және бұзушылық анықталған талаптардың тармақтары;

9) тексерілетін субъект өкілінің, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамдардың актімен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы;

10) тексеруді жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолтаңбасы көрсетіледі.

КОДЕКСТІҢ 152-1-БАБЫ 1, 2-ТАРМАҚТАРЫНА СӘЙКЕС, ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ СУБЪЕКТІСІНЕ (ОБЪЕКТІСІНЕ) БАРУ АРҚЫЛЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ОРГАНЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМЫ БҰЗУШЫЛЫҚТАР БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА, АНЫҚТАЛҒАН БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ НҰСҚАМА ЖАСАЙДЫ.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада:

1) нұсқаманың жасалған күні, уақыты және орны;

2) бақылау және қадағалау органының атауы;

3) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) бақылау және қадағалау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы;

5) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жүргізілген күні, орны және кезеңі;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективтік өлшемшарттарына сәйкес бұзушылықтың ауырлық дәрежесін міндетті түрде көрсете отырып, тексеру парағының тармақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтардың тізбесі;

7) анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою бойынша ықтимал іс-қимылдарға ұсынымдар және оларды көрсету;

8) бақылау және қадағалау субъектісі өкілінің (заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның), сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде қатысқан адамдардың нұсқамамен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы;

9) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолтаңбасы көрсетіледі.

Кәсіпкерлік кодекстің 155-бабы 1-тармағы 3) тармақшасына сай, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде бақылау және қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері: тексеруді және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіге, тексеру нәтижелері туралы актіге, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осы кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

ӨРПК нормаларына сәйкес, бизнес субъектілері жоспардан тыс тексеру нәтижелеріне жоғары сатылы мемлекеттік органға немесе сотқа тағайындау туралы, тексеріс нәтижелері туралы актілерге, сондай-ақ тексеруші тұлғаның іс-әрекеттері туралы шағымдануға құқылы.

ӨРПК-нің 5-бабы 2-бөлігіне сәйкес, әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады.

ӨРПК-нің 9-бабына сәйкес, әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Сот мұндай әкімшілік талап қоюды қарау барысында тексеруші тұлғамен Кәсіпкерлік кодекстің талаптарының сақталғанын тексереді.

Сондай-ақ, тексеру Кәсіпкерлік кодекстің талаптары өрескел бұзылған жағдайларда жарамсыз деп танылады, олар:

- тексеру жүргізу негіздерінің болмауы;
- тексеру тағайындау туралы актінің болмауы;
- тексеру өткізу туралы хабарлама мерзімдерінің сақталмауы;
- ерекше тәртібі бойынша тексерулер және ішінара тексерулер жүргізу мерзімділігін бұзу;
- тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы актіні ұсынбау;
- мемлекеттік органдардың өздерінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексерулер тағайындауы;
- тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу міндетті болғанда, оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарда тіркеместен, тексеру жүргізу;
- тексерулер жүргізу мерзімдерін бұзу.

ТЕКСЕРІС ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ АКТІДЕ КӨРСЕТІЛМЕГЕН ТЕКСЕРУШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТЕКСЕРІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ. ТЕКСЕРУДІ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ АКТ ТЕКСЕРІЛЕТІН СУБЪЕКТІГЕ ТАПСЫРЫЛҒАН КҮН – ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУДІҢ БАСТАЛҒАНЫ ДЕП ЕСЕПТЕЛЕДІ. ҚОРЫТА АЙТҚАНДА, ТЕКСЕРУДЕН ҚОРҚУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ, ЕҢ БАСТЫСЫ – ТӨРТІПТІ САҚТАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ТЕКСЕРУЛЕРІ БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ЫҚТИМАЛ МӘСЕЛЕЛЕРДІ АНЫҚТАЙДЫ ЖӘНЕ БИЗНЕСТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін атап өткен жөн.

Атап айтқанда, шағын және орта бизнес субъектілерін тексеруге арналған мораторий 2024 жылға дейін ұзартылды, құжатта Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне барып тексерулер мен профилактикалық бақылауды тоқтатсын делінген. Алайда, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүргізілетін жоспардан тыс тексерулер оған жатпайды.



ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



АСЫЛХАН
ӘБІЛҒАЗИНА

Ақтөбе облысы
мамандандырылған
әкімшілік сотының
судьясы

Адам құқығы – конституциялық құқықтың маңызды институты болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына ретінде айқындалған.

Жария-құқықтық дауларда мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттерінен дау туындаған кезде азаматтардың мүмкіндігі көп ретте мемлекеттік аппараттың күшімен тең емес болып жатады. Осы айырмашылықты теңестіру мақсатында елімізде әкімшілік әділет институтын құру қажеттілігі туындады. Осылайша 2020 жылғы 20 маусымда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданып, заңды күшіне 2021 жылғы 1 шілдеден бастап енгізілді.

Осы уақыттан бастап «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдарының күші жойылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 27-29-тараулары да қолданыстан шықты.

Жаңа кодекс екі блоктан тұрады: әкімшілік рәсім және әкімшілік сот ісін жүргізу. Азамат мемлекеттік органға арызбен жүгінген сәттен бастап, оған қатысты әкімшілік акті шыққанға дейінгі аралықты, яғни, мемлекеттік органдардың әрекетін реттейтін нормалар бірінші блокты қамтиды. Ал сол әкімшілік актімен келіспесе, азамат сотқа жүгінеді. Сол сәттен бастап сот шешімі орындалғанға дейінгі аралықтағы іс-әрекет екінші блокпен реттеледі. Мысалы, тұрғын үйге кезекке тұру, жер алу т.б.

Талап қоюшы – жеке және заңды тұлғалар болса, жауапкер – мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 қаңтардағы №500 Жарлығымен жария-құқықтық дауларды қарайтын

мамандандырылған әкімшілік соттар құрылды. Әкімшілік соттардың соттылығына салық, жер, тұрғын үй даулары, сот орындаушыларының іс-әрекетін (әрекетсіздігін) даулау жатады. ӘРПК қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік мәселелерін, азаматтардың өзара дауларын қарастырмайды. Әкімшілік әділет жаңашылдықтары жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мүддесінің тиімді қорғалып, бұзылған құқықтарының қалпына келтірілуіне зор ықпал етіп отыр.

Адам құқығын қорғаудағы ерекше тетіктердің бірі – әкімшілік сот ісін жүргізуде соттың белсенді рөлі болып табылады. Белсенді рөл атқара отырып, судья сотқа қатысушылардың түсініктемелерімен, олар ұсынған дәлелдемелермен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді және өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелерді жинай алады.

Көбіне азаматтар құқықтары мен заңды мүдделері бұзылғанын айқын біліп тұрса да, заң нормаларын толық меңгермегендіктен, талапты нақты қоймады. Сондай-ақ талап негізін дұрыс көрсетпейді, қажетті дәлелдемелер ұсына алмайды, немесе іске тиісті емес жауапкерді тартуы мүмкін. Мұндай жағдайда, сот құқықтық салдарды алдын ала түсіндіре отырып, тарапқа талап қою талаптарын тұжырымдауда және (немесе) өзгертуде жәрдем көрсетуге құқылы.

Сот процестің барлық сатыларында формальды қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтінішхаттарды беруге, толық емес деректерді толықтыруға, әкімшілік істің мән-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетуге міндетті. Осылайша судья талап қоюшыға оның құқықтарының тиісті дәрежеде қорғалуы үшін құқықтық «көмек» көрсете алады.

Судьяның әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айта алу нормасын қолдану барысында, сот әкімшілік процеске қатысушыларға даулы қатынастарды реттейтін заң нормаларын түсіндіре алады және бұл өз кезегінде тараптарды татуластыруда өте

маңызды рөл атқаратынын тәжірибе көрсетіп отыр.

Жария-құқықтық қатынастардан туындайтын дауды тиімді шешу мақсатында сот белсенді рөл атқарып, алдын ала пікірін білдіргеннен кейін, мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар жіберілген кемшіліктерді өз бетінше түзетуге тырысады. Мұндай жағдайда, талап қоюшылар арыздарын кері қайтарып алып жатады, себебі мәселе шешілгеннен кейін, істі мәні бойынша қарау қажеттілігі болмай қалады.

Қоғамдағы дау-жанжал деңгейін төмендетуде бітімгершілік рәсімінің маңызы өте зор екені белгілі. Бұрын мемлекеттік органдардың сотта талап қоюшымен бейбіт келісімге келуге заң тұрғысынан құқықтары болмаған еді. Қазір жаңа кодекс нормалары билік органдарына дауды азаматтармен татуласу арқылы шешуге толық мүмкіндік беріп отыр. Әрине, бітімгершілік келісім жасау үшін жауапкерде әкімшілік қалаудың болуы міндетті болып табылады.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіретін тетіктердің бірі – сот шешімінің уақытылы орындалуы. Әкімшілік сот ісін жүргізудегі шешімнің орындалуына соттың өзі бақылау жасайды. Әкімшілік істер бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде орындалуға жатады. Егер белгіленген мерзімде сот актісі орындалмаса, жауапкерге елу айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақшалай өндіріп алу салу көзделген.

Осылайша, сот шешімі алты айға дейін орындалмаса, он айлық есептік көрсеткішке ұлғайтылған мөлшерде ақшалай өндіріп алу салынады. Алты айдан астам уақытта да сот шешімі орындалмаса, шешімді орындауға жауапты тұлға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 430-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылатын болады. Бұл норма сот шешімінің уақытылы орындалуына, тиісінше адам құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына ықпал етеді.

Жаңа кодекстің жаңашылдықтары азаматтар мен мемлекет арасындағы теңдікті қалыптастыра отырып, еліміздің құқық жүйесін жаңа бір сатыға жоғарылататынына сенім мол. Әкімшілік әділет институты құрылғалы көп уақыт өтпесе де, оның қоғамға қажеттілігі мен сұранысқа ие екені бүгінгі күні айқын көрініп отыр.

Зарубежный опыт


Процедура судебного пересмотра (judicial review) как процесс общественного контроля



РАШИД САРПОНГ
Глава Sterling Winshaw
Solicitors, Лондон



ЯНИНА УАЙТ
Адвокат в Sterling
Winshaw Solicitors,
Лондон



СЛУЧАЕТСЯ, ЧТО РЕШЕНИЕ, ПРИНЯТОЕ ГОСУДАРСТВЕННЫМ ОРГАНОМ, СЛЕДУЕТ ОСПОРИТЬ. ЧАСТО ТАКОЕ РЕШЕНИЕ ТЩАТЕЛЬНО ИЗУЧАЕТСЯ «СУДОМ ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ», И ДАВЛЕНИЕ ОБЩЕСТВЕННОСТИ МОЖЕТ ПРИВЕСТИ К ТОМУ, ЧТО ПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЕ ОРГАНЫ РЕШАЮТ ИЗМЕНИТЬ ИЛИ ДАЖЕ ПРЕКРАТИТЬ ВЫПОЛНЕНИЕ СВОЕГО ПЕРВОНАЧАЛЬНОГО РЕШЕНИЯ.

Что происходит в случае, если решение правильное (согласно закону), но способ или процедура его принятия вызывает сомнения? В таких случаях в Великобритании применяется процедура так называемого судебного пересмотра дела.

Судебный пересмотр – это процедура, посредством которой решение, принятое центральным или местным правительственным учреждением или государственным органом (органом, выполняющим общественную функцию), может быть объявлено незаконным, процедурно несправедливым или иррациональным. И как результат, такое решение признается незаконным или отменяется.

Решение не может быть объявлено незаконным или отменено только потому, что председательствующий судья в своем пересмотре дела принял бы решение, отличающееся от ранее принятого. Более того, судья не может отменить или отменить первичное законодательство, поскольку правительство

Соединенного Королевства является суверенным, и такое вмешательство судебной власти в аспект решений законодательной власти было бы *ultra vires* (вне) полномочий суда.

Итак, процесс судебного пересмотра позволяет сделать заявление о том, было ли решение ошибочным и таким образом решение правительства, обжалованное в судебном порядке, может быть отменено судом по трем основаниям: (i) незаконность; (ii) процессуальная несправедливость; и (iii) иррациональность.

Например, если лицо, принимающее решение, не имело изначально законных полномочий для принятия рассматриваемого решения, это решение может быть отменено в судебном порядке и объявлено незаконно принятым, в то время как сам закон остается в силе.

В случае применения основания процессуальной несправедливости следует установить, что процесс, приведший к соответствующему решению, был ненадлежащим. Часто это

может быть связано с тем, что в процессе принятия решений имелись недостатки, которые лишали заинтересованную сторону в процессе принятия решения возможности принять участие в процессе с полной защитой ее интересов.

РЕШЕНИЕ СУДА СЧИТАЕТСЯ ИРРАЦИОНАЛЬНЫМ, ЕСЛИ НИ ОДИН РАЗУМНЫЙ ЧЕЛОВЕК, КОТОРЫЙ ДЕЙСТВОВАЛ БЫ РАЗУМНО, НЕ МОГ БЫ ПРИНЯТЬ ТАКОЕ РЕШЕНИЕ, И ТАКОЕ РЕШЕНИЕ СУДА МОЖЕТ БЫТЬ ОТМЕНЕНО НА ОСНОВАНИИ ИРРАЦИОНАЛЬНОСТИ.

ЕСЛИ ИСК О СУДЕБНОМ ПЕРЕСМОТРЕ УДОВЛЕТВОРЕН, ЭТО НЕ ОЗНАЧАЕТ, ЧТО ТАКОЕ ЖЕ РЕШЕНИЕ ТЕМИ ЖЕ ОРГАНАМИ ВЛАСТИ НЕ МОЖЕТ БЫТЬ ПРИНЯТО ПОВТОРНО. УСПЕШНЫЙ ИСК О СУДЕБНОМ ПЕРЕСМОТРЕ ПОЗВОЛЯЕТ ОТМЕНИТЬ ЭТО РЕШЕНИЕ ИЛИ ПРИЗНАТЬ ЕГО НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ, А ГОСУДАРСТВЕННОМУ ОРГАНУ – ВОЗОБНОВИТЬ ПРОЦЕСС ПРИНЯТИЯ РЕШЕНИЯ С СОБЛЮДЕНИЕМ ПРАВИЛЬНОЙ ПРОЦЕДУРЫ. ХОТЯ ПРИНЯТИЕ ДРУГОГО РЕШЕНИЯ ВПОСЛЕДСТВИИ ПОВТОРЕНИЯ ПРОЦЕДУРЫ ПРИНЯТИЯ РЕШЕНИЯ ВЛАСТЯМИ НЕ ВСЕГДА ПРОИСХОДИТ, ПРОЦЕСС, ПРЕДПРИНЯТЫЙ ДЛЯ ПОВТОРНОГО ПРИНЯТИЯ РЕШЕНИЯ, ДОЛЖЕН БЫТЬ БОЛЕЕ СПРАВЕДЛИВЫМ И ПРОЦЕДУРНО ТОЧНЫМ.

Как и в случае со многими другими видами пересмотров, существуют строгие сроки и процедуры, которые следует соблюдать при рассмотрении исков о судебном пересмотре.

При предварительном рассмотрении заявления о судебном пересмотре, заявитель (истец) должен направить уведомление властям, принявшим решение о возможной подаче иска о судебном пересмотре как можно скорее после решения или действия, которое оспаривается. На такое письмо с претензией властям следует ответить в течение 14 дней с момента получения письма.

Истец может начать процедуру судебного пересмотра, только если ответ властей

на уведомление о возможной подаче иска не удовлетворяет истца.

Для возбуждения дела о судебном пересмотре требуется, чтобы истец передал в суд иск с подтверждающими доказательствами. На этом этапе запрашивается разрешение на судебный пересмотр. Это часть стадии разрешения, которая также включает в себя подтверждение ответчиком (государственным органом) получения иска и краткое изложение любых оснований противодействия иску о судебном пересмотре, поданному истцом.

На основании этого суд принимает решение, следует ли предоставить истцу разрешение на подачу иска о судебном пересмотре. Суд не даст разрешения на подачу ходатайства о судебном пересмотре, если нет оснований для судебного пересмотра с реальной перспективой на успех. Существуют обстоятельства, при которых суд дает разрешение на рассмотрение слабого иска, если он затрагивает вопрос, имеющий общественное значение.

Если такое разрешение предоставлено, на следующем этапе ответчик должен предоставить подробные основания для оспаривания иска. В некоторых случаях истец может ответить своими аргументами на данные подробные основания для оспаривания иска ответчиком.

ОБЫЧНО РАСКРЫТИЕ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ ДЕЛА СТОРОНАМИ ПРОИСХОДИТ ДО ПРЕДЪЯВЛЕНИЯ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ В СУДЕ И ПЕРЕКРЕСТНОГО ДОПРОСА. ДЛЯ АДМИНИСТРАТИВНОГО СУДА ПО-ПРЕЖНЕМУ НЕОБЫЧНО ЗАСЛУШИВАТЬ ДОКАЗАТЕЛЬСТВА ИЛИ РАЗРЕШАТЬ ПЕРЕКРЕСТНЫЙ ДОПРОС СВИДЕТЕЛЕЙ. ЭТО СВЯЗАНО С ТЕМ, ЧТО ФУНКЦИЯ АДМИНИСТРАТИВНОГО СУДА В ДЕЛАХ О СУДЕБНОМ ПЕРЕСМОТРЕ ЗАКЛЮЧАЕТСЯ В ОПРЕДЕЛЕНИИ ЗАКОННОСТИ ПОВЕДЕНИЯ ОТВЕТЧИКА, А НЕ В ПРОВЕДЕНИИ МЕРОПРИЯТИЯ ПО УСТАНОВЛЕНИЮ ФАКТОВ ИЛИ ОЦЕНКЕ СУЩЕСТВА РЕШЕНИЯ.



Тем не менее, судебные разбирательства и перекрестный допрос могут считаться уместными в некоторых случаях, например, в делах, касающихся прав человека, которые часто подкрепляются существенными спорами о фактах, которые необходимо разрешить суду.

Одним из главных дел, в которых решение суда было пересмотрено административным судом, и во время которого суд заслушивал показания свидетелей, было дело, в котором участвовали специалисты нашей компании - *R (Adam, Limbuela and Tesema) v Secretary of State for the Home Department* [2005] UKHL 66).

Дело касалось трех беженцев, которые просили убежища в Великобритании. Министерство Внутренних Дел отказало заявителям в государственной материальной поддержке в соответствии со статьей 55 Закона о Гражданстве, Иммиграции и Убежище 2002 года. Основание – каждый заявитель не обратился за убежищем в кратчайшие разумные сроки и таким образом не получил основания на материальную поддержку государства на срок рассмотрения прошения об убежище.

Истцы утверждали, что остались без средств к существованию. Им было отказано в материальной поддержке в соответствии со статьей 9 Закона об иммиграции и убежище 1999 года. Без государственной поддержки каждый истец столкнулся с угрозой

спать на улице, не имел средств на приобретение предметов первой необходимости, включая продукты питания и одежду, а также не имел права трудоустроиться.

Верховный Суд Великобритании (Палата Лордов на момент вынесения решения) постановил, что решение об отказе материальной поддержки в соответствии со статьей 55 (1) Закона о Гражданстве, Иммиграции и Убежище 2002 года было умышленно совершенным действием. В связи с чем Глава Министерства Внутренних Дел нес прямую ответственность за несоблюдение статьи 3 Конвенции о защите Прав Человека и Основных Свобод, которая закреплена в законодательстве Соединенного Королевства Законом о Правах Человека 1998 года.

Обязательство по статье 3 является абсолютным, то есть не зависит от обстоятельств. В каждом из дел заявителей имелось достаточно доказательств, чтобы обосновать вывод о неминуемой вероятности того, что решение Главы МВД приведет их к бесчеловечному или унижающему достоинство состоянию.

РЕЗУЛЬТАТ СУДЕБНОГО ПЕРЕСМОТРА РЕШЕНИЯ МВД ЗАКЛЮЧАЛОСЬ В ТОМ, ЧТО БЕЖЕНЦЫ, ПОЗДНО ПОДАВШИЕ ЗАЯВЛЕНИЕ О ПРЕДОСТАВЛЕНИИ УБЕЖИЩА, МОГУТ ПОЛУЧАТЬ ЖИЛЬЕ И ФИНАНСОВУЮ ПОДДЕРЖКУ ОТ ПРАВИТЕЛЬСТВА, ТАК КАК АЛЬТЕРНАТИВОЙ ОТСУТСТВИЯ ТАКОЙ ПОДДЕРЖКИ ЯВЛЯЕТСЯ РЕАЛЬНЫЙ РИСК ОБНИЩАНИЯ И НАРУШЕНИЯ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА.

Таким образом, процедура судебного пересмотра является эффективным способом обеспечения подотчетности процесса принятия решений государственными органами. Это позволяет вести общественный контроль правительства и правительственных органов, заставляя их нести ответственность за решения, которые принимаются каждый день во многих сферах государственного управления.

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ
ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС



Особенности рассмотрения дел о банкротстве физических лиц



ВОТ УЖЕ ГОД, КАК ДЕЙСТВУЕТ ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОТ 30 ДЕКАБРЯ 2022 ГОДА №178-VII «О ВОССТАНОВЛЕНИИ ПЛАТЕЖЕСПОСОБНОСТИ И БАНКРОТСТВЕ ГРАЖДАН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН», ВВЕДЕННЫЙ В ДЕЙСТВИЕ С 1 МАРТА 2023 ГОДА. СЕГОДНЯ ХОТЕЛОСЬ БЫ ОСТАНОВИТЬСЯ НА ГЛАВЕ III ЗАКОНА «СУДЕБНОЕ БАНКРОТСТВО».



ЕРЛАН КОСТУБАЕВ

*Председатель
Риддерского городского
суда Восточно-
Казахстанской области*

Любому гражданину (физическому лицу) процедура банкротства предоставляет возможность расплатиться с имеющимися долгами, избежав участия коллекторов. Решением и результатом ее при надлежащем поведении должника является полное списание задолженности в случае невозможности ее погашения.

Согласно пункту 1 статьи 6 данного Закона основаниями для подачи заявления в суд о применении процедуры восстановления платежеспособности или судебного банкротства является наличие обязательств, превышающих 1600-кратный размер месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на дату подачи заявления, а также соответствие следующим условиям:

1) по обязательствам перед кредиторами отсутствует погашение в течение двенадцати последовательных месяцев на дату подачи такого заявления;

2) в отношении должника проведены процедуры по урегулированию и (или) взысканию неисполненных обязательств

по договору банковского займа и (или) договору о предоставлении микрокредита в соответствии с законами РК «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» и «О микрофинансовой деятельности»;

3) отсутствует факт применения процедуры внесудебного или судебного банкротства в течение семи лет на дату подачи заявления.

В соответствии с подпунктом 4) пункта 3 статьи 20 Закона, к заявлению о применении процедуры восстановления платежеспособности или судебного банкротства должник прилагает копию документа, подтверждающего принятие им мер по урегулированию задолженности по договору банковского займа и (или) договору о предоставлении микрокредита.

В числе документов, подтверждающих проведение процедуры, указанной в настоящем подпункте должны быть ответы банка второго уровня, филиала банка-нерезидента Республики Казахстан, организации, осуществляющей отдельные виды банковских операций, и (или) организации, осуществляющей микрофинансовую деятельность, об отказе в изменении

условий договора банковского займа и (или) договора о предоставлении микрокредита с указанием мотивированного обоснования причин.

При непредставлении банком второго уровня, филиалом банка-нерезидента Республики Казахстан, организацией, осуществляющей отдельные виды банковских операций, и (или) организацией, осуществляющей микрофинансовую деятельность, ответа на заявление должника документом, подтверждающим проведение предусмотренной настоящим подпунктом процедуры, является копия заявления должника или подтверждение о направлении заявления в электронном формате.

Согласно пункту 4 статьи 20 Закона заявление должника о применении процедуры восстановления платежеспособности или судебного банкротства, не соответствующее требованиям, установленным настоящей статьей, возвращается судом без его рассмотрения.

Судебная практика показывает, что большая часть поступающих исков определением суда возвращается по причине несоблюдения досудебного порядка, когда заявители не принимали мер по урегулированию задолженности по договорам банковского займа, микрокредитам. То есть ими не направлялись заявления кредиторам, или же, не дождавшись ответа, при наличии уведомления с банка о получении им заявления и предоставления ответа в дальнейшем, сразу предъявляли иск в суд.

Из принятых и рассмотренных судом дел данной категории требования заявителя в основном удовлетворялись и в отношении должника применялись процедуры судебного банкротства.

Вместе с тем, в ходе их рассмотрения суды сталкиваются

с такой проблемой как сроки подготовки и рассмотрения дел.

Так, в соответствии со статьей 302 ГПК РК дела о восстановлении платежеспособности, судебном банкротстве граждан республики рассматриваются в особом производстве.

Согласно части 2 статьи 183 ГПК гражданские дела о восстановлении на работе, об установлении отцовства и взыскании алиментов, а также дела особого искового и особого производства рассматриваются и разрешаются судом в срок до одного месяца со дня окончания подготовки дела к судебному разбирательству.

Статьей 303 ГПК предусмотрено, что в порядке, предусмотренном статьей 165 настоящего Кодекса, с особенностями, установленными главой 31, судья проводит подготовку дела к судебному разбирательству в течение десяти рабочих дней со дня принятия заявления в производство суда. Продление этого срока не допускается.

В силу статьи 24 Закона заключение финансового управляющего представляется в суд в течение двадцати рабочих дней со дня вынесения судом определения о возбуждении дела о применении процедуры восстановления платежеспособности или процедуры судебного банкротства.

При анализе вышеизложенных норм права, предусматривающих сроки рассмотрения дел данной категории, необходимо отметить, что заключение финансового управляющего предоставляется практически в ходе судебного рассмотрения, когда остается незначительный период до окончания месячного срока. Есть и случаи, где по истечении 20 рабочих дней,

и при этом участники процесса в лице кредиторов зачастую ходатайствуют о переносе судебного заседания для ознакомления с заключением, приведения своих доводов и изложения их в отзыве.

Таким образом, ожидание заключения финансового управляющего практически полностью поглощает 10-дневный срок подготовки и половину месячного срока рассмотрения дела по существу, что влияет на качество рассмотрения дел по существу и порождает жалобы сторон по срокам рассмотрения дел. Между тем, заключение финансового управляющего имеет существенное значение для вынесения решения об удовлетворении либо в отказе заявления судом.

Суду также не остается времени проверить достоверность представленных сведений в отношении должника, о наличии и отсутствии имущества, денежных средств, счетов и вкладов в Банках, товарно-материальных ценностей, указанных в заключении финансового управляющего.

Да, по окончании рассмотрения дела, в случае несвоевременного предоставления заключения финансового управляющего (двадцать рабочих дней), судом выносятся частные определения в адрес уполномоченного органа, однако эти меры недостаточны. При этом предложений по усовершенствованию законодательства в сфере судебного банкротства от уполномоченного органа не поступает.

Поэтому, по мнению автора, необходимо внести изменения в действующее законодательство, установив право суда на вынесение определения о приостановлении производства по делу до предоставления соответствующего заключения финансовым управляющим.

МЕРЫ ПО СОХРАНЕНИЮ БРАКА И СЕМЬИ



СЕРИК СЕРГАЗИН

*Председатель суда
района Беимбета
Майлина
Костанайской области*

НОРМАМИ ПРАВА УСТАНОВЛЕНО, ЧТО БРАК (СУПРУЖЕСТВО) И СЕМЬЯ, МАТЕРИНСТВО, ОТЦОВСТВО И ДЕТСТВО НАХОДЯТСЯ ПОД ЗАЩИТОЙ ГОСУДАРСТВА.

В соответствии с Концепцией семейной и гендерной политики в Республике Казахстан до 2030 года целями государственной семейной политики являются поддержка, укрепление и защита семей, создание необходимых условий, способствующих физическому, интеллектуальному, духовному, нравственному развитию семей и их членов, охрана материнства, отцовства и детства.

Социальная поддержка семей с детьми со стороны государства осуществляется в первую очередь посредством пособий, выплат и услуг. Система предоставления социальных выплат включает в себя пособия на рождение и по уходу за ребенком до одного года, на воспитание ребенка с инвалидностью, государственное пособие для многодетных матерей, семей и т.д.

Семья – это небольшая, но очень важная ячейка человеческого общества, сравнимая с маленьким государством.

При этом разрыв брачно-семейных отношений ведет к разрушению семейных ценностей, негативно влияет на воспитание и развитие детей.

И динамика разводов, к сожалению, не снижается.

Так, согласно данным статистики суда района Беимбета Майлина Костанайской области, из всех поступающих исков (только в исковое производство), доля исков о расторжении брака является значительной.

В 2022 году в суд поступило 86 исков о расторжении брака или 24% от всех поступивших исков. При этом с вынесением решения о расторжении брака рассмотрено 46 дел, что составило 32 % от общего числа решений искового порядка.

В 2023 году в суд поступил 81 иск или 24%. По 39 рассмотренным искам брак расторгнут, что составило 29% от числа рассмотренных исков с вынесением решения.

Уже в январе-феврале 2024 года в суд поступило 16 исков о расторжении брака или 38%.

Анализ показывает, что доля рассматриваемых дел о расторжении брака в исковом производстве составляет в среднем около 30%.

Следует отметить, что благодаря примирительным процедурам в суде наибольшее количество исков не рассмотрены по существу и возвращены заявителям, в связи с желанием все же сохранить брак. Это также видно из статистики, согласно которой в 2022 году 47% поступивших исков отозвано, а в 2023 году такая цифра составила 52%. То есть, в среднем по 50% поступивших в суд исков браки сохранены.

Ситуация свидетельствует о необходимости поиска путей для максимального увеличения доли сохраненных браков.

Таким образом, судами проводится большая превентивная работа, принимаются необходимые меры, направленные на сохранение брака, в том числе в интересах детей. В этих целях, как показала практика, наиболее эффективны примирительные процедуры, в том числе со стороны всех структур государства и самого общества.

